



## ОРИЕНТАЛИЗМ

Ориентализм тұжырымдамасы:  
Саидтің талдауы. Шығыстың  
бұрмаланған, шындықтан алыс  
бейнесін қалыптастырушы әдістер.  
2-бөлім



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 20. Ориентализм тұжырымдамасы: Саидтің талдауы. Шығыстың бұрмаланған, шындықтан алыс бейнесін қалыптастырушы әдістер. 2-бөлім

**Мақсаты:** Ориентализм әдістеріне талдау жасау, олардың түпкі мәнін анықтау.

Өткен дәрісте Батыста тараған ориентализм тұжырымдамасы жайлы айтылды. Онда Батыстың Шығыс жайлы білімді, яғни мәліметті беру әдістері, оны танытуда, бейнесін қалыптастыруда кеткен бұрмалаулар көрсетілді. Осы тақырыпты ары қарай жалғастырамыз. «Ориентализмнің» бұл тұжырымдамасына қалай қарап, оны қалай түсіну керек?

Саидтің ориентализмге қатысты сынының, айыптауларының негізі бар. Оған ең алдымен батыс гуманитарлық ғылымының өзі көңіл аударуы қажет. Саид ориентализмге ең алдымен дискурс ретінде қарауды дұрыс деп санайды, себебі оның айтуынша Европа мәдениеті Шығысқа ориентализмнің арқасында үстемдік ете алды, ол Шығысқа саясат, әлеуметтік жағдай, идеология, әскер және ғылым жағынан да ориентализм арқылы әсер етті. Саидтің айтуынша: «Ориентализм үлкен беделге ие болғаны соншалық, Шығыс туралы жазғандардың, ойлағандардың немесе онда қызмет еткендердің (яғни ғалымдар, саяхатшылар, суретшілер, дипломаттардың) ешбірінің олардың ойы мен әрекетіне ориентализм қойып тастаған шектеулердің аясынан шығып кете алмағанына сенімдімін. Қысқаша айтқанда, ориентализмнің әсерінен Шығыс ешқашан еркін ой мен қызметтің нысаны бола алмады».

Қандай да бір мәдениетті бастапқы таза күйінде, басқалардың әсерінен сақтау қиын екені белгілі. Қазіргі заманғы кез келген халықтың мәдениеті өзге мәдениетпен арадағы байланыстардың әсеріне ұшыраған, көп өзгеріске түскен мәдениеттер екені белгілі. Саид бұған қатысты «таза және саяси білім» деген атауларды қолданады. «Саяси білім» дегенде Саид саясаттың қатысуымен жасалған білім, яғни саяси биліктің мүддесі үшін таратылған мәлімет дегенді көздейді.

Қазіргі заманғы постколониалды зерттеулер саласында көп зерттеліп жатқан тақырыптардың бірі – әлем тарихында әртүрлі мәдениеттердің бір-бірімен байланысы және олардың өзара әсері жайлы мәселе. Ежелгі Грек мәдениетінің Таяу Шығыс мәдениетінен көп нәрсе қабылдағаны белгілі.

Грек ойшылдары, ғалымдары және ақындары Шығыс өркениетімен берік байланыс нәтижесінде Шығыс елдерінің ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибелерін пайдаланып, Шығыс ғылымының жаңа табыстарымен танысып отырған. Гректердің әртүрлі елдерге саяхат жасап, табиғат құбылыстарын бақылауы, Ежелгі Шығыс елдерінің ғылыми ой-пікірлерімен таныс болуы Грекияда жаратылыс, табиғат жайлы ғылымдардың тууына себеп болды.

Мәдениеттер қарым-қатынасы мәселесінде олардың арасындағы байланыстың қайнар көзі, бір-біріне әсері, жасаған ықпалы ғана емес, осы байланыстардың нәтижесінде пайда болған жаңа синтездің де мәні өте зор. Мұны ғылымда бинарлы оппозициялар (қосарлы қарама-қайшылық) әдісі зерттейді.

Осы жерде бұл ғылыми әдістеменің өте жиі сынға ұшырап отыратынын айта кету қажет. Дегенмен бұл әдістің тиімді қолданылатын салалары да бар. Атап айтқанда бұл екі түрлі өркениет ретінде Батыстың да, Шығыстың да жеке өзіндік санасы (ағыл. identity), өзін-өзі тануы және оның қалыптасуы төңірегіндегі тақырыптарға қатысты.

Егер Шығыс пен Батысты тек географиялық ұғым ғана емес, мәдени құрылым деп қарастыратын болсақ, олардың әрқайсысының жеке санасы, өзін-өзі тануы экспансия кезеңімен байланысты қалыптасады. (Экспансия (лат. expansio – тарату, кеңейту) – жеке мемлекеттің, халықтың, мәдениеттің немесе биологиялық түрдің әсер ету аймағының аумақтық, географиялық немесе т.б. жақтан кеңеюі). Экспансия кезінде халықтың жергілікті (локалды) түрде қалыптасқан санасы белсенді түрде қызмет етіп, өзіне басқа ұлттар мен мәдениеттер белгілерін тартып, қабылдай бастайды, олардың бойындағы жат ерекшеліктердің барлығын қажетсіз деп тауып, өзінің жаңа Менін құрайтын негізді ғана қалдырады. Мұндай жаңа сананың қалыптасуы өзінің бастапқы шегарасы сезінумен байланысты. Ешбір Мен ол осы ұғымның шегарасына сыймайтын (Мен-емес) мағынамен бетпе-бет келгенше анықталмайды. «Мен деген не?» деген сұрақтың жауабы – ол осы Меннің аяқталатын шегін, Мен еместі көрсету. Мен – бұл – Басқа (Өзге) емес. Осыдан Басқаның өзгеше қырларына назар аудару маңызды болып шығады – бұл жерде ұғымдардың әрқайсысы емес, тек бинарлы оппозицияның (екіжақты қарама-қайшылық) өзі мәнге ие. Бұл екі ұғым бірге алынып, қатар қарастырылмаса бинарлық оппозиция болмайды, яғни жеке тұрғанда олар бір-біріне тәуелсіз болады. Басқаша айтқанда



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 20. Ориентализм тұжырымдамасы: Саидтің талдауы. Шығыстың бұрмаланған, шындықтан алыс бейнесін қалыптастырушы әдістер. 2-бөлім

Батыс ол Шығысқа қарсы тұрған соң Батыс, ал Шығыс Батысқа қарсы тұрған соң Шығыс. Батыс болмаса Шығыс, Шығыс болмаса Батыс болмайды. Бұл универсалды қағида, дегенмен оны мәдени салаға қатысты толықтай қолдануға болмайды.

Бұл мағынада Шығыс Батыс үшін тұрақты Alter ego (лат. – «басқа Мен») немесе екінші Мені болып шығады. Ол арқылы Батыс өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктерін танып отырады. Осы жерде алдыңғы дәрісте айтылған ориентализмге тән таралып кеткен әдіс тарихтан алшақтыққа (А-историзм) тоқталуға болады.

Зерттеулерде тарих ғылымының зерттеу әдістерінің сақталмауы – батыс ғылыми методологиясының олқылығын көрсетеді, себебі тарихилық (историзм) әдісі XIX ғасырдан бері жетекші орынға ие. Историзм әдісінің қолданылмауын тек дәстүршілдікпен байланысты түсінуге болады. Басты мақсат қарқынды даму болған тұста кез келген жаңа іс-қимыл немесе құбылыс заңдылығы өткенмен байланыста түсіндірілуіне жол беріледі. Жаңа заманғы қоғам тұтасымен жаңалыққа бағытталады, бұл жағдайда кез келген дәстүршілдік тарихтан алынып тасталғандай көрінуі мүмкін. Бұл осы мәселенің бір жағы. Оның екінші жағы таным субъектісімен, білімді/мәліметті ұсынушының белсенділігімен байланысты және ол алғашқысына қарағанда күрделірек. Зерттеу пәнін біртұтас құрылым ретінде қарастыру, конструктивті/дұрыс түсіну – кез келген таным қызметінің негізгі талабы екені белгілі. Бұл жерде басты көңіл аударатын мәселе – осы белсенділікте. Ешкімнің зерттеу пәнін өзінің қалауынша өзгертуге құқы жоқ. Алайда Саид назар аударып отырған зерттеу пәнін қалыптастырудағы белсенділіктің ерекшелігі бар. Бұл жерде Батыстың танымдық белсенділігі Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынастардың анағұрлым іргелі тұстарына – Батыстың жаңа заманғы өркениеттік көшбасшылығына негізделеді. Басқа жағынан алғанда, Батыстың белсенділігінің кульминациясы/шырқау шыңы болып «империялар ғасыры» саналады. Ол тұста аса қуатты экспансия жүріп, жетекші европалық держалар өзінен басқа бүкіл әлемді өте қатал, кейбір жағдайда қантөгіспен меңгерді, империялық экспансия жүрді. Бұл түрлі өркениеттердің тарих сахнасындағы кездесуі және олардың бетпе-бет қарсы келуі. Бұл – империя, жеке зерттеу жұмысының тақырыбы.

Ориентализм стратегиясының мәні – бұл таныстыру, ұсыну, көрсету мағынасындағы презентация процесіне қарсы ұғым репрезентация процесінде деп түйіндеуге болады. Саид өз еңбегінің басында Карл Маркстің «Олар өзін көрсете алмайды, оларды басқалар көрсетуі тиіс» деген сөзін келтіреді. Дәл осы сөз бүкіл концепцияның кілті болып табылады. Ориентализм тұжырымдамасының бүкіл мәні – Өзгенің атынан сөйлеу «құқығының» өзінің мәнін – түрлерін, шарттарын, коннотациясын түсінуде жатыр.

Шығыспен бұл қарым-қатынаста Батыс тек әскери және экономикалық жағынан ғана емес, сонымен бірге эпистемологиялық жағынан да әлдеқайда белсенді. Батыста Шығыс туралы айтылғанның/жазылғанның барлығын тек Батыс айтып, Батыс жазады, сондықтан оны өз мүддесі тұрғысынан айтады. Шығыстың дауысы естілмейді. Батыс осылайша өзін таным процесінің белсенді мүшесі деп санап, өзіне-өзі Өзгенің атынан сөйлеу құқығын берген. Ол Шығыстың атынан, Шығыстың орнына Шығыс туралы сөйлейді. Мұндай «құқық» иеленудің нәтижесі – ол кешенді ориентализм. Ал Ориентализмнің негізгі нәтижесі – ол доместификация (ағыл. domestication – қолға үйрету, бағу). Батыс гегемониясын қамтамасыз ету үшін Батыстың қажетіне арнап қалыптасқан Шығыстық симулякр (лат. simulacrum < simulo – «көрініс, сурет» «жалған түр көрсету»). Симулякр – іс жүзінде ешқашан болмаған, жоқ нәрсенің бейнесі немесе «түпнұсқасы жоқ көшірме бейне». Ол бейне адам санасына әсер ету үшін, сондай құбылыс, адам не зат бар деген түсінік қалыптастыру үшін жасалады («жұмыртқадан жүн қырқу», «таздың шашын тарау», «мақтамен бауыздау»).

Ориентализм өз пәнін өзі қолдан жасап шығарды, Шығысқа қатысты мазмұн мен образдардың өте мықты жүйесін жасады. Ол арқылы идеологемалар саяси шешімдерге айналды. Оны тұтастай әскер, шенеуніктер, кәсіпкерлер әскері жүзеге асырды.

Ориенталист – Батыстың ойынша, бұл, ең алдымен, өзін Шығысқа оның іс жүзінде кім екенін айтуға тиістімін деп санайтын адам. Осы жаңа мәдениет болмаса тиісті білім беретін басқа ешбір құнды және эпистемологиялық категория жоқ. К. Маркс, айтқандай «Шығыс өзін өзі таныта алмайды», яғни оны тек Батыс ғана зерттеп, Батыс қана ол жайлы білім таратады. Батыстың мәдени үстемдігін ақтаушы идеология осы.



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 20. Ориентализм тұжырымдамасы: Саидтің талдауы. Шығыстың бұрмаланған, шындықтан алыс бейнесін қалыптастырушы әдістер. 2-бөлім

Келесі туындайтын сұрақ – егер Батыстың Шығыс жайлы беретін білімі мен қалыптастырған көзқарасы бұрмаланып берілсе, шындықтан алыс болса, онда Шығыс сол дәйекті, ақиқат білім мен көзқарасты неге өзі таратып, өзі қалыптастырмайды? Оған қандай кедергі бар?

Басқаша айтқанда егер Батыстың Шығыс жайлы білімі ғасырлар бойы айқын немесе жанама түрде бұрмаланып, биліктің тапсырысын орындап отырса, әрі оның одан басқа жолы жоқ болса, онда Шығыс сондай шынайы, бұрмаланбаған, мақтау мен мадақтаудан таза шындықты неге өзі айтпайды, өзіне-өзі неге сыни көзбен қарамайды? Сол арқылы өз бейнесін өзі неге қалыптастырмайды? – деген сұрақ туады. Бұлар, әрине, өте өткір қойылған сұрақтар.

Саид бұған үлкен өкінішпен жауап береді. Себебі біріншіден, Шығыс – оның Отаны. Саид үшін мұны айту қиын, себебі, Шығысты бұл мәселе толғандырмайды. Белсенділік бұрынғыша тұтастай Батыстың қолында. Шығыс мәдениеті мен ғылымының майталмандарының өзі ориентализмнің негізгі тұжырымдарын тек көзсіз қайталай береді немесе тура солай көзсіз Батыстың көзқарасын жоққа шығарумен шектеледі. Батыспен келіспегеннің күннің өзінде оған қарсы дәйекті, дәлелді пікір білдіріп, шындықтың бетін аша алмайды. Саид «Араб әлемінде арабистика бойынша араб тілінде шығатын бір де бір танымал журнал жоқ, араб елдері бойынша зерттеу жүргізетін Оксфорд, Гарвард немесе Лос-Анджелестегі Калифорния университеттеріне тең келетін бір де бір оқу орны жоқ» дейді.

Мұнымен қоса араб елдеріндегі Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегінің рецепциясын қоса айту керек. Рецепция (лат. *receptio*) «өнерде, мәдениетте, қоғамдық ғылымдарда басқа елдерде немесе басқа дәуірде қалыптасқан форманы үлгі ретінде алу» деген мағына береді. Шығыста ол қатаң түрде идеологиялық болды. Мәселе «Ориентализмнің» Шығыста қабылдануымен байланысты. Негізгі сұрақ – Саидтің еңбегін араб әлемі қалай қабылдады? Жауап өте күрделі.

Егер қысқаша айтсақ – Шығыс автордан исламның позициясын бекіте түсу үшін ориентализмнің өзінің бинарлы логикасына сай тек Батыстың бетпердесін ашып беруді ғана күтті. Шығыс сынға ұшырамауы тиіс болды. Мұны Саид карикатура деп қынжылады, себебі оның түпкі ойы Батыс пен Шығыс арасындағы қарсыластықтың дәл осы бинарлы логикасының шегінен шығу болатын. Бинарлы логика қойылған сұраққа тек «иә» немесе «жоқ» деп қана жауап бермейтін кезде туады. (Мыс., климат, ауаның температурасы. Біреу үшін жылы, біреу үшін салқын болып саналатын ауа үшінші біреу үшін қапырық не өте суық болуы мүмкін). Талдап көрейік.

1995 жылы Саид кітапқа қайтадан қорытынды жазған кезде «Ориентализм» Европа елдерінің көптеген тілдеріне аударылып, тіпті Израильдің өзінде баспадан шыққан еді. Ал араб тіліне әлдеқашан аударылғанмен, баспадан шықпай жата берді, себебі баспагерлер автордан кітапта араб әлеміне қатысты айтылған сынның барлығын түбірімен алып тастауды бірауыздан талап етіп отырып алды.

Расында да Батыстың Шығыс жайлы көзқарасы бұрмаланған, ол тек өз қызығушылығын танытады, өз мүддесіне қызмет етеді және бұл бұрмалауды сезіну, мойындау қажет, яғни қызығушылық қаншалықты үлкен болса да шектен шығып кетуге болмайды.

Кез келген мәдениеттің өзінен мүлде басқа мәдениетке қызығушылығы үлкен болатыны белгілі. Түптеп келгенде қызығушылықтың өзінде тұрған еш жамандық жоқ, ол қажет нәрсе, себебі қазіргі заманғы гуманитарлық методология оны дұрыс бағалап, деңгейін дұрыс анықтай алады. Гуманитарлық білім аясында «мәдениеттен тыс» кеңістік болмайды, барлығы тек мәдениет аясында өмір сүреді. Онда бұл – гуманитарлық ғылымда жаратылыстану ғылымындағы объективтілік, оның деңгейі жоқ дегенді білдіреді. Кез келген тарихи зерттеу белгілі бір алғышарттардың құндылығын танытады, яғни гуманитарлық ғылымдағы көзқарас – бұл міндетті түрде белгілі бір тұрғыдан қараған біреудің көзқарасы.

Ориентализм – бұл Саидтің берген анықтамасы бойынша европоцентризм. Ал кез келген европоцентризм, яғни европоцентристік көзқарас тек европоцентризм болғаны үшін жаман немесе қауіпті ме? Жауап біртекті емес. Біріншіден, бір халықтың мәдениетін екінші халықтың кемсітуіне ешқашан жол жоқ. Әр халық өз мәдениетін өзінің мүддесіне, өз деңгейіне сай өзі тудырып, өзі дамытады. Бір халықтың мәдениетін ешқашан басқа халықтың мәдениетінен жоғары қоюға болмайды. Бұл жалпыға белгілі ортақ қағида. Екіншіден, бір халық ерікті/еріксіз



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 20. Ориентализм тұжырымдамасы: Саидтің талдауы. Шығыстың бұрмаланған, шындықтан алыс бейнесін қалыптастырушы әдістер. 2-бөлім

түрде екінші халықтың мәдениетінің ықпалында болуы мүмкін. Одан үйренуі, онымен қарым-қатынас жасауы мүмкін. Егер ол басқадан үйренсе, сабақ алса, бұл оның артта қалғандығының белгісі емес, ол дамып, өркендеп жатыр дегенді білдіреді. Сын сындарлы болса, орынды жасалса дамуға жол бастайды. Оң нәтиже береді.

Мұндай сан алуан пікірден шығатын қорытынды – европоцентризм белгілі бір шартпен ғана ақталуы мүмкін. Егер европоцентризм бақылауда болса, мойындалса ол қолдау таба алады. Ол үшін Батыс өзінің әлемдегі мәдени және өркениеттік көшбасшылығын дәйекті түрде көрсетіп беруі тиіс.

Батыс өркениеттің аса жоғары дамыған деңгейін танытып тұрса, оның әлемдік тарихи процесте жетекші рөл атқаруына негіз бар. Ол үшін Батыс өзі жасаған, өзі жайлы өзінің түсінігі бойынша қалыптастырған үлгіге сай болуы керек. Әлемде Батыстың дамуы, деңгейі туралы қалыптасқан қандай түсінік бар? Батыс – бұл дамыған технология, жоғары өмір сүру деңгейі, бостандық, демократия ма? Ол осы үлгіге толық сай келсе онымен, европоцентризммен келісуге болады. Тек мұндай европоцентризм алдымен өзіне өзі сыни көзқараспен қарай алуы тиіс. Себебі әлемдік көшбасшылық – бұл өтпелі құбылыс және постмодернизм, қазіргі заманғы Батыс түптеп келгенде алдыңғы – модерндік, жаңа заман дәуірінде жоғары мәнге ие болған құндылықтар мен дүниетанымдық мотивтердің уақыты өтіп бара жатқанын мойындай бастады деуге толық негіз бар. Эдвард Саид еңбегінің құндылығы осында жатыр.

### Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Ұлттың жеке өзіндік санасы (ағыл. identity), өзін-өзі тануы дегенді қалай түсінесіз?
2. Шығыс халықтарының өзін-өзі тануы жайлы не айта аласыз?

### Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Саидтің еңбегін араб елдері қалай қабылдағаны жайлы баяндаңыз.
2. «Ориентализм» кітабы жайлы көзқарастардың әралуандығы немен байланысты? Көзқарасыңызды айтыңыз.

### Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Э. Саид, Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. <https://ru.wikipedia.org>.
4. <http://anthropology.ru>.